



Автор: Шаяхметова Бибизия Сандибековна

Пән: Математика

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Екі таңбалы сандар

Тақырып: Екі таңбалы сандарды салыстыру сандар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.1.2 ** 11-ден 20-ға дейін сандарды оқу, жазу және салыстыру 1.1.1.3 **20 көлеміндегі сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу натурал сандар және нөл санының құрылу жолын түсінеді; 10/11-20 көлемінде тура және кері санайды; натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды; 11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқиды, жазады және салыстырады; 20 көлемінде сандардың разрядтық құрамын анықтайды, разрядтық қосылғыштарға жіктейді.
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларды екі таңбалы сандарды оқуға, жазуға және құрастыруға үйрету.
Тілдік мақсаттар:	"Артық," "кем", "тең" біліктер, ондықтар сөздерін қолдану дағдысын қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже:	Білім алушылар екі таңбалы сандар қатарын және сандар құрамын үйренеді. 11- ден 20 -ға дейінгі сандарды салыстыра біледі. Қанша артық, қанша кем екендігін түсіндіріп айтады. өлеңмен берілген есептерді аузша есептей алады.
Бағалау критерийлері:	Сандар қатарын дұрыс жазады; Сандар құрамын айыра алады;Сандардың көршілерін табады; Разрядтық қосылғыштадың қосындысы түрінде жазады, Сандарды салыстыра алады;
Құндылықтарды дарыту:	Бірін- бірі тыңдау. Достық қарым-қатынастарын жетілдіру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интернет желісі https://bilimland.kz/kk
Пәнаралық байланыс:	дүниетану , музыка
Бастапқы білім:	Қосудың орын аустырымдылық қасиеті

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру шаттық шеңбері С.1. Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! Ж.1.Оқушылар жұппен 11- ден 20 –ға дейінгі сандарды ойлап және оны қағазға жазуды сұраймын. Т.2. шағын топтарға бірігіп жазған сандарын ламинатталған қағаздарға салыстырып жазады 1 топ 11,12,13, 2 топ 14, 15,16, 3 топ 17,18,19, 4 топ 20,19,18, 5 топ12, 15, 19. Дикриптр: Сандар қатарын дұрыс жазады; Берілген сандарды топта салыстырады.	Без3307607c75.jpg type unknown

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20минут)	.Екі таңбалы сандар құрамы бейне жазба тыңдау. 11- ден 20 – ға дейінгі сандар құрамын анықтау.Тапсырмалар, мен жаттығулар орындау. Ж.Жұмыс парағын жұппен орындайды. Дискриптр -11- ден 20 ға дейінгі сандар қатарын біледі; -Сандар құрамын айыра алады; С.Оқулықпен жұмыс: Қарындаштар . Оқушылар оқулықтағы иллюстарцияны қарайды және қойылған сұрақтарға жауап береді. Жауабы; Қарлығашта 14, Асхаттаа 17 қарындаш. Асхаттың қарындашы артық. 3-ке артық. Д.Мәшинелер жарысы ламинатталған қағаз бетіне орындайды.жұппен өзара тексеру жүреді. Жауабы: а) $15 > 12$, ә) $13 < 19$. б) $9 < 18$. в) $20 > 10$ С. Ойлан,тап Неше жаңғақ? 1.Портфелімде әуелі, Он үш жаңғақ бар еді. Екі – екіден тараттым. Науат пенен Сағатқа, Самат пенен Маратқа. Апасына Қанаттың, Екі-екіден тараттым. Айта қойшы, ал жаным. 2. Барлығы қанша зат? Дүкеннен сабын алдым, Оның және қабын алдым Екі дәптер, бір қарындаш Өшіргішті тағыда алдым. Есептеші сонда бәрі Қанша болды, қолда бары? сергіту жаттығу; Қағазға жазылған тірек сөздерді көрсеткенде оқушылар түрлі қимылдар көрсетеді. «Артық» - оқушылар аяқтарының ұшына тұрып қолдарын жоғары көтереді. «Кем»- жүрелеп отырып тізесін қолымен құшақтайды. «Тең» - дегенде қолдарын жанына қойып түзу тұрады.	https://bilimland.kz/k
Сабақтың соңы (10 минт)	Д. Тест. 1. Әр санның көршілерін жаз. 12 15 18 20 2. Санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазып көрсетіңіз 5e3534300d02b.png Image not found or type unknown 3. Сандарды салыстырыңыз. $>$, $<$, $=$ таңбаларының тиістісін қойыңыз. $19 * 18$ $20 * 19$ 1 $2 * 14$ $15 * 15$ Дискриптр Сандардың көршілерін табады; Разрядтық қосылғыштадың қосындысы түрінде жазады, Сандарды салыстыра алады;	5e3535f6731a9.jpg Image not found or type unknown
Рефлексия (5 мин)	Оқушылар бірнеше сұраққа +; - таңбаларымен жауап береді. Сабақта маған не жеңіл болы? Неден қиналдым ? Екі таңбалы сандарды салыстыра аламын ба?	
Сабақ	1 сынып математика пәнінен Екі таңбалы сандар бөлімінде 11- ден 20 -ға дейінгі сандардың жазылуы және сандардың құрамын оқушылар меңгерді.	